

"Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 10 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 қаңтарда № 19882 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 3 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 04.01.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Атқарушылық іс жүргізу бойынша есептілікті жетілдіру мақсатында, 2017 жылғы 30 маусымдағы "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының б) тармақшасын басшылыққа алып, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысаны;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) мыналарды:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне, Комитеттің аумақтық органдарына мәлімет және қызмет барысында қолдану үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының м.а.

Б. Асыллов

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының міндетін

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ 4-нысан. Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы есеп

№ 1-кесте. Атқарушылық құжаттардың қозғалысы

Атауы		Есепті кезеңнің басындағы атқарушылық іс жүргізудің қалдығы	Есепті кезеңде қозғалған атқарушылық іс жүргізулер	олардың ішінен			Есепті кезеңде сот орындаушысы қаулыларының күші жойылды
				қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізулер	ортақ тәртіпте өндіріп алынғаны	аумақтық тиесілігіне қарай қабылданы	
		1	2	3	4	5	6
Үкімдер бойынша айыппұлдар	1						
Сотталғандардың мүлкін тәркілеу	2						
Үкім шығарылғанға дейін заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеу	3						
Сот үкімдері бойынша жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу	4						
Қылмыстық істер бойынша мемлекет пайдасына өндіріп алу	5						
оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық нұксанды өндіріп алу	6						
Мемлекет пайдасына өндіріп алу:	7						
оның ішінде	мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер пайдасына өндіріп алу	8					
	материалдық нұксанды өндіріп алу	9					
	зиянды өндіріп алуға кінәлі лауазымды адамдардан өндіріп алу	10					
	Мемлекет пайдасына мемл. баж салығын өндіріп алу	11					
Мемлекеттен өндіріп алу	12						
	Лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттеріне						

оның ішінде	байланысты мемлекеттен зиянды өндіріп алу		13					
Меншік нысанына байланыссыз заңды тұлғалардың және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдардың пайдасына өндіріп алу			14					
оның ішінде	екінші деңгейдегі банктердің пайдасына өндіріп алу туралы		15					
Жеке тұлғалардың пайдасына өндіріп алу			16					
оның ішінде	жалақыны өндіріп алу туралы		17					
	зейнетақыны және жәрдемақыны өндіріп алу туралы		18					
	алименттерді өндіріп алу туралы		19					
	олардың ішінде	балалар д ы асырауғ а	20					
		жұбайы н (зайыбын) асырауғ а	21					
		ата-анас ы н асырауғ а	22					
		қамқор шылық және қорғанш ылық органда рының пайдасы на	23					
		аға-ініле рі мен апа-қар ындаста рының пайдасы на	24					
Халықаралық, шетелдік соттардың және төреліктер шешімдері бойынша			25					

Атқарушылық әрекеттерді іске асыру кезінде келтірілген шығындарды өтеу туралы сот орындаушысының қаулысы бойынша	26						
Атқарушылық санкцияны өндіріп алу туралы сот орындаушысының қаулысы бойынша	27						
Мәжбүрлеп орындау туралы прокурордың қаулысы бойынша	28						
Жеке сот орындаушысы қызметі төлемінің сомасын бекіту туралы оның қаулысы бойынша	29						
Жеке тұлғалардың берешектерін өндіріп алу туралы салық бұйрықтары	30						
Атқарушылық жазбалар	31						
Сот қаулылары бойынша айыппұлдар	32						
оның ішінде	Соттың әкімшілік қаулылары бойынша сот шығындары	33					
Уәкілетті органның қаулылары бойынша айыппұлдар		34					
Әкімшілік істер бойынша мүлікті тәркілеу		35					
Мүліктік емес сипаттағы басқа да атқарушылық құжаттар		36					
олардың ішінде	Көшіру (көшіріп әкелу)	37					
	заңсыз құрылысты бұзу	38					
	баламен қарым-қатынас тәртібі	39					
Атқарушылық іс жүргізудің барлығы		40					

Кестенің жалғасы

Бұдан бұрын қабылданған шешімнің күші жойылғаннан кейін	Аумақтық тиесілігіне қарай	Есепті кезеңде орындауда болған атқарушылық іс	Іс жүргізуі есепті кезеңде аяқталған атқарушылық құжаттард	оның ішінде			
				қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізулері	тікелей сот орындауш	атқарушылық құжатты ұсынғанға дейін	өндіріп алушыға қайтарылған
							соттың немесе басқа мемл.органдардың талабы

[illegible]

				оның ішінде					
	оның ішінде						оның ішінде		
	"								
тоқтатылғаны	Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47 - бабының 1 - тармағы 6) тармақшасы бойынша тоқтатылғаны	Белгіленгеннен артық мерзімде аяқталған құжаттардың саны (Заңның 39-бабы)	Есепті кезеңнің аяғындағы орындалмаған құжаттардың қалдығы	Ішінара өндіріп алынды	мерзімді орындаудағы атқарушылық құжаттар бойынша	Тоқтатылғандардың барлығы	Заңның 42 - бабының 6) тармақшасы бойынша тоқтатыла тұрды	Заңның 42 - бабының 2) тармақшасы бойынша тоқтатыла тұрды	Заңның 38-бабы 1 - тармағының 1)-13) тармақшалары тәртібінде атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулылар шығарылды
16	17	18	19	20	21	22	23	24	25

№4-нысан. Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы есеп.

№ 2-кесте. Орындауға келіп түскен атқарушылық құжаттар бойынша өндіріп алулардың мөлшері, теңгемен

		Есепті кезеңнің басындағы	Есепті кезеңнің басындағы қозғалған	олардың ішінен		

Атауы			соманың қалдығы	атқарушылық іс жүргізулер бойынша сома	қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізулер	ортақ тәртіпте өндіріп алынған сома	аумақ бойынша қабылданғаны
			1	2	3	4	5
Үкімдер бойынша айыппұлдар		1					
Сотталғандардың мүлкін тәркілеу		2					
Үкім шығарылғанға дейін заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеу		3					
Сот үкімдері бойынша жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу		4					
Қылмыстық істер бойынша мемлекет пайдасына өндіріп алу		5					
оның ішінде	қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық нұксанды өндіріп алу	6					
Мемлекет пайдасына өндіріп алу:		7					
оның ішінде	мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер пайдасына өндіріп алу	8					
	материалдық нұксанды өндіріп алу	9					
	зиянды өндіріп алуға кінәлі лауазымды адамдардан өндіріп алу	10					
	Мемлекет пайдасына мемл.баж салығын өндіріп алу	11					
Мемлекеттен өндіріп алу		12					
оның ішінде	Лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттеріне байланысты мемлекеттен зиянды өндіріп алу	13					
Меншік нысанына байланыссыз заңды тұлғалардың және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдардың пайдасына өндіріп алу		14					

о ны ң ішінде	екінші деңгейдегі банктердің пайдасына өндіріп алу туралы		15					
Жеке тұлғалардың пайдасына өндіріп алу			16					
о ны ң ішінде	жалақыны өндіріп алу туралы		17					
	зейнетақыны және жәрдемақыны өндіріп алу туралы		18					
	алименттерді өндіріп алу туралы		19					
	олардың ішінде	балаларды асырауға	20					
		жұбайын (зайыбын) асырауға	21					
		ата-анасы н асырауға алиментте рді өндіріп а л у туралы	22					
		қамқоршы лық және қорғаншы л ы қ органдары н ы ң пайдасына	23					
		аға-інілері м е н апа-қарын дастарыны ң пайдасына	24					
Халықаралық, шетелдік соттардың және төреліктердің шешімдері бойынша			25					
Атқарушылық әрекеттерді іске асыру кезінде жасалған шығындарды өтеу туралы сот орындаушысының қаулысы бойынша			26					
Атқарушылық санкцияны өндіріп алу туралы сот орындаушысының қаулысы бойынша			27					
Мәжбүрлеп орындау туралы прокурордың қаулысы бойынша			28					

ық іс жүргізулер бойынша	лары өндіріп алған сома	дейін борышкердің төлеген сомасы	н құжаттар бойынша сома	ң талабымен қайтарылған құжаттар бойынша сома	жүргізулер бойынша сома	тармақшасы бойынша тоқтатылғандар бойынша сомасы	құжаттар бойынша сома (Заңның 39-бабы)
11	12	13	14	15	16	17	18

Кестенің жалғасы

Есепті кезеңнің аяғындағы сомалардың қалдығы	оның ішінде					1 0 % атқарушылық санкцияның өндіріп алынған сомасы	Заңның 38-бабы 1-тармағының 1)-13) тармақшалары тәртібінде атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулылар бойынша сома
	Ішінара өндіріп алынғандар	мерзімді орындаудағы атқарушылық құжаттар бойынша	тоқтата тұрылған іс жүргізулер бойынша	оның ішінде			
				Заңның 42-бабының 6) тармақшасы бойынша тоқтата тұрылды	Заңның 42-бабының 2) тармақшасы бойынша тоқтатыла тұрылды		
19	20	21	22	23	24	25	26

№4 нысан. Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы есеп

№3-кесте. Алименттерді өндіріп алу туралы

атауы		Есепті кезеңде алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізулер бойынша борышкерлердің жалпы саны	Есепті кезеңде асырау үшін алименттер өндіріп алынатын балалардың саны	Есепті кезеңнің басындағы атқарушылық іс жүргізулердің қалдығы	олардың ішінде Берешекті анықтау туралы қаулылары шығарылған атқарушылық іс жүргізулердің саны	Алименттер бойынша берешектер сомасы (берешекті анықтау туралы қаулылар бойынша)	Есепті кезеңде қозғалған атқарушылық іс жүргізулер	Олардың ішінде берешекті анықтау туралы қаулылары шығарылған атқарушылық іс жүргізулердің саны	Алименттер бойынша берешек сомасы (берешекті анықтау туралы қаулылар бойынша)
		1	2	3	4	5		7	
алименттерді өндіріп алу туралы	1								

олардың ішінде	балаларды асырауға	2							
	жұбайының (зайыбының) асырауға	3							
	ата-анасын асырауға алименттерді өндіріп алу туралы	4							
	қамқоршылық және қорғаншылық органдардың пайдасына	5							
	аға-інілері мен апа-қарындастарының пайдасына	6							

Есепті кезеңде орындауда болған атқарушылық іс жүргізулердің жалпы саны	олардың ішінде	Алименттер бойынша берешек сомасы (берешекті анықтау туралы қаулылар бойынша)	Іс жүргізуі есепті кезеңде аяқталған атқарушылық құжаттардың жалпы саны	олардың ішінде	Алименттер бойынша берешек сомасы (берешекті анықтау туралы қаулылар бойынша)	Есепті кезеңнің соңына аяқталмаған құжаттардың қалдығы	олардың ішінде	Алименттер бойынша берешек сомасы (берешекті анықтау туралы қаулылар бойынша)
	берешекті анықтау туралы қаулылары шығарылған атқарушылық іс жүргізулердің саны			берешекті анықтау туралы қаулылары шығарылған атқарушылық іс жүргізулердің саны			берешекті анықтау туралы қаулылары шығарылған атқарушылық іс жүргізулердің саны	
9	10	11	12	13	14	15	16	17

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының

"Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы сот актілерін орындау бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АІО ААЖ) енгізген электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі – ЭАЕҚ) негізінде "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын (бұдан әрі – № 4 есеп нысаны) қалыптастыруға арналған.

2. Есептің және ЭАЕҚ-ның нысандарын әзірлеуді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) субъектілермен келісе отырып жүзеге асырады.

3. Субъектілер Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – ҚР ӘМ) және оның аумақтық органдары (бұдан әрі – ҚР ӘМ аумақтық бөлімшелері), жеке сот орындаушылары болып табылады.

2-тарау. ЭАЕҚ-ны АІО ААЖ-ға енгізу

4. ЭАЕҚ-ны АІО ААЖ-ға енгізу және есепке алу ҚР ӘМ аумақтық бөлімшелері және жеке сот орындаушылары жүргізеді.

5. ЭАЕҚ-ға мәліметтерді толтыруды, олардың толықтығы мен дұрыстығын, сондай-ақ уақтылы берілуін оларды толтырған адамдар қамтамасыз етеді.

6. ЭАЕҚ-да атқарушылық құжатты есепке алу және оның қозғалысы, сондай-ақ олардың орындалу нәтижелері бойынша барлық қажетті деректемелер электронды толтырылуға жатады.

7. Субъектілер төмендегі ЭАЕҚ:

1) Осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес "Атқарушылық құжаттарды есепке алу жөніндегі электронды ақпараттық есепке алу құжатын" (бұдан әрі – 4.0-нысан);

2) Осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес "Атқарушылық құжаттардың қозғалысы және олардың орындау нәтижелері туралы электрондық ақпараттық есепке алу құжатын" (бұдан әрі – 4.1-нысан) енгізуді жүзеге асырады.

8. 4.0 нысанды ЭАЕҚ "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабына сәйкес атқарушылық құжаттар бойынша, сондай-ақ осы Заңның 38-бабы 1-тармағы 1) - 9) тармақшаларының тәртібінде атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартқан жағдайда енгізіледі.

9. 4.1-нысанды ЭАЕҚ төменде көрсетілген шешімдердің бірі қабылданған атқарушылық құжаттар бойынша енгізіледі:

1) Заңның 40-бабының тәртібінде орындау мерзімін шегеру, ұзарту (сот шешімі бойынша);

2) Заңның 49-бабымен көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізуді аяқтау;

3) Заңның 42-бабымен көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізуді тоқтату;

4) Заңның 46-бабымен көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізуді қайта жаңғырту;

5) алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізулер бойынша берешек сомасын анықтау туралы қаулы шығару;

6) орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту;

7) бұрын қабылданған шешімнің күшін жойғаннан кейін атқарушылық іс жүргізуді қайта бастау;

8) аумақтылығы бойынша жіберу/қабылдау туралы;

9) борышкердің шығуын шектеу (шектеуді алу) туралы;

10) лицензиялар мен рұқсаттарды беруге уақытша тыйым салу/ алу туралы;

11) борышкерге бұрын берілген лицензиялар мен рұқсаттардың әрекетін тоқтату (тоқтатуды алу) туралы;

12) борышкердің мүлкіне тыйым салу/алу туралы

13) атқарушылық іс жүргізулерді біріктіру;

14) ұстап қалуды жүргізу үшін атқарушылық құжатты жіберу.

10. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Аумақтылығы бойынша жіберілген, бірақ ҚР ӘМ-нің жіберген аумақтық бөлімшесіне келіп түспеген атқарушылық құжат сот актілерін орындау жөніндегі тиісті органға келіп түскенге дейін есептен алынбайды.

ҚР ӘМ-нің аумақтық бөлімшесі атқарушылық іс жүргізуді аумақтылығы бойынша жіберген кезде осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Атқарушылық құжатты орындау үшін аумақтылығы бойынша жіберу туралы" №1-нысандағы толтырылған бақылау карточкасын (бұдан әрі - №1-карточка), сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу материалдарын (борышкердің

тиісті ауданның, қаланың немесе облыстың аумағында тұрып жатқанын растайтын анықтама, атқарушылық құжаттың ішінара орындалғаны туралы анықтама, болған жағдайда, сот орындаушысының атқарушылық құжатты аумақтылығы бойынша жолдауы туралы қаулы) жібереді.

Атқарушылық құжатты қабылдаған аумақтық бөлімше осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Атқарушылық құжатты орындау үшін аумақтылығы бойынша қабылдау туралы" № 2 нысанды бақылау карточкасын (бұдан әрі - № 2 карточка) толтырады, оны атқарушылық құжатты есептен алу үшін ҚР ӘМ-нің тиісті аумақтық бөлімшесіне жібереді.

№ 1 және № 2 карточкалары – атқарушылық құжаттардың қозғалысын есепке алуға және аумақтылығы бойынша жіберілген және келіп түскен әрбір атқарушылық құжат бойынша басқа аймақтардағы ҚР ӘМ-нің аумақтық бөлімшелерімен салыстырып тексеру жүргізуге арналған.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Есепті қалыптастыру

12. Есепті Комитет және оның аумақтық органдары Комитеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырады.

13. Есеп ЭАЕҚ-ның 4.0 және 4.1 нысандарының мәліметтерінің негізінде қалыптасады.

14. Есеп 3 кестеден тұрады:

- 1) № 1 кесте "Атқарушылық құжаттардың қозғалысы" (бұдан әрі – № 1 кесте)
- 2) № 2 кесте "Атқаруға келіп түскен атқарушылық құжаттар бойынша өндіріп алулардың мөлшері" (бұдан әрі – № 2 кесте);
- 3) № 3 кесте "Алименттерді өндіріп алу туралы" (бұдан әрі – № 3 кесте).

15. № 1-кестеде атқарушылық құжаттардың қозғалысы көрінеді.

16. 1-бағанда есептік кезеңнің басындағы атқарушылық іс жүргізулердің қалдығы ескеріледі (бұл ретте 1-тоқсан, жартыжылдық, 9 ай және жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша есептік кезеңнің басындағы қалдық өзгеріссіз қалады және ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша аяқталмаған атқарушылық іс жүргізулердің санын көрсетеді).

17. 2-бағанда есептік кезеңде келіп түскен атқарушылық құжаттар бойынша қозғалған атқарушылық іс жүргізулер көрсетіледі, бұл ретте атқарушылық іс жүргізудің қозғалған күні есептік кезеңнің күніне сәйкес болады.

18. Олардың ішінде қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізулер 3-бағанда көрсетіледі.

19. 4-бағанда ортақ борышкерлердің атқару парақтары ескеріледі. Егер ортақ тәртіпте өндіріп алу туралы бірнеше атқарушылық құжат болса, онда есепке алу № 1 атқару парағы бойынша (бірінші тіркелген атқарушылық құжат бойынша) жүргізіледі.

Ортақ тәртіпте өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды тіркеу бірінші негізгі құжат бойынша жүзеге асырылады.

Ортақ тәртіпте өндіріп алуға жататын атқарушылық құжаттар қылмыстық немесе азаматтық іс қаралған ҚР ӘМ-нің аумақтық бөлімшесінде ғана есепке алынады.

Борышкер өзге облыс аумағында тұрып жатқан (немесе жазасын өтеп жүрген) жағдайда сот орындаушысы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 52-бабына сәйкес (бұдан әрі – Заң) жекелеген атқарушылық іс-әрекеттерді өткізу туралы қаулыны жібереді.

20. 5-бағанда аумақтылығы бойынша қабылданған атқарушылық іс жүргізулер көрсетіледі.

Құжат бір атқарушылық органдағы бір сот орындаушысынан басқа сот орындаушысына берілген жағдайда атқарушылық құжат № 4 есеп нысанында бір рет ескеріледі.

Атқарушылық іс жүргізуді қабылдаған кезде оның нөмірі сақталады, атқарушылық іс жүргізу нөмірін қосып жазуға және өзгертуге жол берілмейді.

21. 6-бағанда – есептік кезеңде сот орындаушысының күші жойылған қаулыларының саны, 7-бағанда бұдан бұрын қабылданған шешім күшін жойғаннан кейін қайта басталған атқарушылық іс жүргізулер есепке алынады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. 8-бағанда есептік кезеңде аумақтылығы бойынша орындауға жіберілген атқарушылық құжаттар есепке алынады.

Атқарушылық құжаттарды аумақтылығы бойынша жіберу ҚР ӘМ-нің аумақтық бөлімшесі арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. 9-бағанда есептік кезеңде орындауда болған атқарушылық іс жүргізулердің жалпы саны көрсетіледі. Аумақтылығы бойынша жіберілген

атқарушылық құжаттар есепке алынбайды (ағымдағы жылы қозғалған атқарушылық іс жүргізулердің жыл басындағы қалдығы және күші жойылғаннан кейін қайта басталған атқарушылық іс жүргізулер).

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. 10-бағанда іс жүргізуі есептік кезеңде аяқталған атқарушылық құжаттардың жалпы саны көрсетіледі. Атқарушылық іс жүргізу Заңның 49-бабында көзделген жағдайларда аяқталған болып саналады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. 10-бағанның 11-бағанында қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізулер бойынша аяқталған атқарушылық іс жүргізулердің саны есепке алынады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. 12-бағанда сот орындаушысы борышкерден ақша қаражатын толықтай өндіріп алған немесе атқарушылық құжатта көзделген басқа да әрекеттер орындалған (борышкерге тиесілі мүлік өндіріп алушыға тапсырылды, жауапкер ү-жандан шығарып жіберілді немесе оған талап қоюшы кіргізілді, иеліктегі үй бөлінді немесе басқа да әрекеттер) атқарушылық құжаттар есепке алынады. Бұл ретте, атқарушылық іс жүргізудің аяқталғаны міндетті түрде белгіленеді және орындау талаптарында "сот орындаушысы" деп көрсетіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. 10-бағанның 13-бағанында атқарушылық құжат ұсынылғанға дейін борышкер орындаған атқарушылық іс жүргізулердің саны көрсетіледі.

14-баған Заңның 48-бабы негізінде өндіріп алушыға кері қайтарылған атқарушылық құжаттардың санын көрсетеді. 15-бағанда Заңның 49-бабы 3) тармақшасы негізінде кері қайтарылған атқарушылық құжаттар есепке алынады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. 16-бағанда Заңның 47-бабы 1-тармағы 1-6), 7-1), 8), 8-1), 9) тармақшаларының негізінде іс жүргізулер тоқтатылған атқарушылық құжаттар есепке алынады.

30. 17-бағанда егер өндіріп алушы немесе борышкер болып табылатын заңды тұлғаны тарату аяқталған болса, құқықтық мұрагер болмаса немесе атқарушылық құжат орындау үшін банкроттық басқарушыға немесе оңалтуды басқарушыға, не борышкер болып табылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясына жіберілген болса, іс жүргізулері тоқтатылған атқарушылық құжаттар көрсетіледі.

31. 18-бағанда белгіленген мерзімнен артық мерзімде аяқталған атқарушылық құжаттардың саны көрсетіледі (Заңның 39-бабы).

Сот шешімін немесе өзге де атқарушылық құжатты орындау мерзіміне Заңның 42-бабында көзделген тәртіпте іс жүргізуді тоқтату уақыты енгізілмейді. Мерзімдерді есептеу кезінде олар мерзімді өндіріп алуларға байланысты емес атқарушылық іс жүргізулер бойынша ғана белгіленгенін ескеру қажет.

32. 19-бағанда есептік кезеңнің соңына орындалмаған құжаттардың қалдығы есепке алынады, олардың ішінде 20-бағанда ішінара орындалған атқарушылық іс жүргізулер көрсетіледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. 21-бағанда кезеңдік орындауға жіберілген атқарушылық құжаттар көрсетіледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. 22-бағанда барлық тоқтата тұрылған атқарушылық іс жүргізулердің саны көрсетіледі. Олардың ішінде 23-бағанда – оның негізінде атқарушылық құжат берілген Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен сот актісін орындауды тоқтата тұру құқығы ұсынылған сот немесе лауазымды адам қаулы шығарған, сондай-ақ сот белгілі бір мерзімге орындауды кейінге қалдыруды, мерзімін ұзартуды ұсынған жағдайда тоқтата тұрумен байланысты.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. 24-бағанда борышкер болып танылған заңды тұлға қайта құрылған немесе заңмен белгіленген тәртіппен сот дәрменсіздігі (банкроттық) туралы іс жүргізуді қозғау туралы шешімді қабылдаған, сот мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған жағдайлардағы тоқтата тұрылған атқарушылық іс жүргізулердің саны көрсетіледі.

25-бағанда Заңның 38-бабы 1-тармағының 1)-13) тармақшалары тәртібінде атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы шығарылған қаулылардың жалпы саны есепке алынады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. 1-жолда үкімдер бойынша айыппұлдар туралы атқарушылық құжаттар ескеріледі.

38. 2-жолда сотталғандардың мүлкін тәркілеу туралы атқарушылық құжаттар ескеріледі, 3-жолда үкім шығарылғанға дейін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодекстің 17-тарауына сәйкес заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеу туралы атқарушылық құжаттар ескеріледі.

39. Жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу туралы үкімдер бойынша атқарушылық құжаттар туралы мәліметтер 4-жолда, мемлекет пайдасына 5-жолда, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық залалды өндіріп алу 6-жолда көрсетіледі.

40. 7-жолда мемлекет пайдасына өндіріп алынған, 8-жолда – мемлекеттік кәсіпорынның, мемлекеттік мекеменің пайдасына өндіріп алу, 9-жолда – материалдық залалды өндіріп алу, 10-жолда – кінәлары бойынша залал өндіріп алынған лауазымды адамдардан өндіріп алу, 11-жолда – мемлекеттің кірісіне мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар көрсетіледі.

41. 12-жолда мемлекеттен өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар ескеріледі.

42. 13-жолда лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерімен байланысты зиянды мемлекеттен өндіріп алу көрсетіледі.

43. Меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдардың пайдасына өндіріп алу 14-жолда, оның ішінде екінші деңгейдегі банктерден өндіріп алу 15-жолда көрсетіледі.

44. 16-жолда жеке тұлғалардың пайдасына өндіріп алу туралы, атқарушылық құжаттар көрсетіледі, оның ішінде жалақыны немесе зейнетақыны және жәрдемақыны, алиментті өндіріп алу туралы 17-19-жолдарда көрсетіледі. Алиментті өндіріп алу туралы 19-жолдың 20-24-жолдарда кәмелетке толмағандарды асырауға, жұбайын (зайыбын) асырауға алименттерді өндіріп алу туралы, ата-анасын асырауға алименттерді өндіріп алу туралы, қамқоршылық және қорғаншылық органдарының пайдасына, аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының) пайдасына алименттерді өндіру туралы мәліметтер көрсетіледі.

45. 25-жолда халықаралық, шетелдік соттар және төрелік шешімдері бойынша атқарушылық құжаттар көрсетіледі.

46. 26-жолда атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде келтірілген шығыстарды өтеу туралы сот орындаушысының қаулысы бойынша мәліметтер көрсетіледі.

47. 27-жолда сот орындаушысының қаулысы бойынша атқарушылық санкцияларды өндіріп алу туралы мәліметтер көрсетіледі.

48. 28-жолда мәжбүрлеп орындату туралы прокурордың қаулысы бойынша атқарушылық құжаттар көрсетіледі.

49. 29-жолда жеке сот орындаушысы қызметі төлемінің сомасын бекіту туралы оның қаулысы бойынша мәліметтер көрсетіледі.

50. 30-жолда жеке тұлғадан берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрықтары көрсетіледі.

51. 31-жолда нотариустың атқарушылық жазбалары бойынша өндіріп алулар көрсетіледі.

52. Соттардың әкімшілік істер туралы қаулылары бойынша айыппұлдар 32-жолда көрсетіледі, олардың ішінде 33-жолда соттың әкімшілік қаулылары бойынша сот шығындары есепке алынады, уәкілетті органның қаулылары бойынша айыппұлдар 34-жолда есепке алынады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. 35-жолда әкімшілік істер бойынша мүлікті тәркілеу туралы атқарушылық құжаттар көрсетіледі.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. 36-жолда мүліктік емес сипаттағы өзге де атқарушылық құжаттар (үй-жайдан шығарып жіберу, оған кіргізу, жұмысқа қалпына келтіру туралы, заттық дәлелдемелерді жою туралы, құрылысты бұзу және борышкерлерді белгілі бір әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу туралы атқарушылық құжаттар) көрсетіледі. 36-жолдан 37-жолға үй-жайдан шығарып жіберу (оған кіргізу), 38-жолға заңсыз құрылысты бұзу, 39-жолға баламен қарым-қатынас тәртібі көрсетіледі.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55-1. 40-жолда атқарушылық іс жүргізулердің қорытынды сомасы көрсетіледі

Ескерту. 3-тарау 55-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. № 2 кестеде атқарушылық құжаттар бойынша өндіріп алулардың барлық түрлері көрсетіледі. Барлық сомалар жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің пайдасына ақшалай қаражаттың іс жүзінде келіп түскенін растайтын бухгалтерлік есеп құжаттарының негізінде ұлттық валюта – теңгемен көрсетіледі

57. 1-бағанда есептік кезеңнің басындағы сомалардың қалдығы ескеріледі, 2-бағанда есептік кезеңде келіп түскен қозғалған атқарушылық іс жүргізулер бойынша сома көрсетіледі.

58. Қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізулер бойынша сома 3-бағанда көрсетіледі, ортақ тәртіпте өндіріп алуға жататын сома 4-бағанда ескеріледі.

59. 5-бағанда аумақтылығы бойынша қабылданған сомалар есепке алынады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. 6-бағанда есептік кезеңде сот орындаушысының күші жойылған қаулылары бойынша сомалар есепке алынады, 7-бағанда бұдан бұрын қабылданған шешім күшін жойғаннан кейін қайта басталған атқарушылық іс жүргізулер бойынша сомалар есепке алынады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. 8-бағанда есептік кезеңде аумақтылығы бойынша орындауға жіберілген сомалар есепке алынады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. 9-бағанға есептік кезеңде аумақтылығы бойынша жіберілген атқарушылық құжаттарды есепке алмастан, есептік кезеңде өндіріп алуға жататын барлық сомалар кіреді.

Алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізулер бойынша тұрақты сомаларды, сондай-ақ берешектерді анықтау туралы қаулыға сәйкес соманы көрсету қажет.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. 10-бағанда есептік кезеңде іс жүргізуі аяқталған не тоқтатылған құжаттар бойынша сомалар көрсетіледі, 11-бағанда 10-бағаннан қайта қозғалған атқарушылық іс жүргізулер бойынша сомалар есепке алынады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. 10-бағанның 12-бағанында тікелей сот орындаушысы өндіріп алған сомалар көрсетіледі.

Бұл ретте, 12-бағанға сот орындаушысы толық көлемде орындалған атқарушылық құжаттар бойынша ғана өндіріп алған сомалар қосылады.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. 13-бағанда борышкер атқарушылық құжат ұсынылғанға дейін төлеген атқарушылық құжаттар бойынша сомалар есепке алынады, 14-бағанда Заңның 48-бабы негізінде өндіріп алушыға кері қайтарылған құжаттар бойынша сомалар көрсетіледі.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. 15-бағанда Заңның 49-бабы 3) тармақшасының негізінде қайтарылған сома ескеріледі.

68. 16-бағанда Заңның 47-бабы 1-тармағы 1-6), 7-1), 8), 8-1), 9) тармақшаларының негізінде іс жүргізу тоқтатылған атқарушылық құжаттар бойынша сомалар көрсетіледі.

69. 17-бағанда егер өндіріп алушы немесе борышкер болып табылатын заңды тұлғаны тарату аяқталған болса, құқықтық мұрагер болмаса немесе атқарушылық құжат орындау үшін банкроттық басқарушыға немесе сауықтыруды басқарушыға, не борышкер болып табылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясына жіберілген болса, іс жүргізулер тоқтатылған атқарушылық құжаттар бойынша сома көрсетіледі.

70. 18-бағанда Заңның 39-бабында белгіленгеннен артық мерзімде аяқталған атқарушылық құжаттардың сомасы көрсетіледі.

71. 19-бағанда есептік кезеңнің соңындағы құжаттардың қалдық сомасы көрсетіледі, олардың ішінде 20-бағанда ішінара өндіріп алынған сомалар көрсетіледі.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. 21-бағанда кезеңдік орындауға жіберілген атқарушылық құжаттар бойынша сомалар есепке алынады.

22-бағанда барлық тоқтатыла тұрылған атқарушылық іс жүргізулердің сомасы көрсетіледі. Олардың ішінде 23-бағанда – соның негізінде атқарушылық құжат берілген Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен сот актісін орындауды тоқтата тұру құқығы ұсынылған лауазымды адам немесе сот қаулы шығарған, сондай-ақ сот белгілі бір мерзімге орындауды кейінге қалдыруды, мерзімін ұзартуды ұсынған жағдайда тоқтата тұрумен байланысты.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. 24-бағанда борышкер болып танылған заңды тұлға қайта құрылған немесе заңмен белгіленген тәртіппен сот дәрменсіздігі (банкроттық) туралы іс жүргізуді қозғау жөніндегі шешімді қабылдаған, сот мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған жағдайлардағы тоқтата тұрылған атқарушылық іс жүргізулердің саны көрсетіледі.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. 25-бағанда борышкер ерікті түрде төлеген атқарушылық санкцияның өндіріп алынған 10% сомалары көрсетіледі.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75-1. 26-бағанда Заңның 38-бабы 1-тармағының 1)-13) тармақшалары тәртібінде атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулылар бойынша сома есепке алынады.

Ескерту. 3-тарау 75-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. № 2 кестенің жолдарын қалыптастыру № 1 кесте жолдарының қалыптастырылуына ұқсас.

77. Алименттерді өндіріп алу туралы № 3-кестеде алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізулер бойынша борышкерлердің саны (есептік кезеңде орындауда болған атқарушылық іс жүргізулердің жалпы санынан), оларды асырауға алименттер өндіріп алынатын адамдардың саны, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізулердің қозғалысы есепке алынады.

Алименттер бойынша борышкерліктің сомалары борышкерлікті белгілеу туралы қаулылардың негізінде ескеріледі.

4-тарау. Есепті қалыптастыру мерзімдері

78. Есеп тоқсан сайын, үдемелі қорытындымен қалыптастырылады.

79. Комитеттің аумақтық органдары есебі бойынша статистикалық кесімді есептік кезеңнен кейінгі айдың 6-күніне сағат 15.00-де растайды.

Комитеттің аумақтық органдарының статистикалық кесімді растауы Комитеттің аумақтық басқармасы бастығының есепке қол қоюымен тең.

80. Комитет республика бойынша жиынтық есептерді Комитет Төрағасына қол қою үшін есептік кезеңнен кейінгі айдың 8-күніне ұсынады.

81. Мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының жиынтық есебіне Комитеттің аумақтық органдарының бастықтары, облыстардың, мемлекеттік маңызы бар қалалардың, астананың Әділет департаменттерінің басшылары және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жеке сот орындаушыларының аймақтық палаталарының басшылары (Комитет статистикалық кесімді бекіткеннен кейін) қол қояды, олар орындардағы олардың сақталуын қамтамасыз етеді (Комитетке жолдамастан).

5-тарау. АІО ААЖ-нде ЭАЕҚ-ға түзетулер енгізу

82. АІО ААЖ-ға енгізілген ЭАЕҚ деректемелерін түзетуді ҚР ӘМ аумақтық бөлімшелері және жеке сот орындаушылары өз бастамалары бойынша немесе Комитеттің және оның аумақтық органдарының бастамалары бойынша жүзеге асырады.

83. ЭАЕҚ түзету фактілері бойынша құқықтық статистика субъектісі осы бұзушылықтарға жағдай жасаған себептерді анықтай отырып және кінәлі адамдарды заңмен белгіленген жауаптылыққа тарта отырып шаралар қабылдайды.

84. Бекітілген кесімдердегі есеп көрсеткіштері дұрыстығының бұрмалануына әкеп соққан мәліметтерді түзету фактілері бойынша Комитеттің аумақтық органына дереу хабарлама жолданады.

85. Комитеттің аумақтық органы ББСЖ ААЖ-да жүргізілген түзетулер туралы хабарламаны тексеруді жүзеге асырады және Комитеттің аумақтық органына хабарлама келіп түскен сәттен бастап 5 күндік мерзімде Комитетке (атқарушылық іс жүргізудің толассыз нөмірін, өзгертілетін деректеменің атауын, алдыңғы және жаңа көрсеткішті көрсете отырып) хабарлайды.

"Сот актілерін орындау
бойынша жұмыс туралы" № 4
есептің нысанын қалыптастыру
жөніндегі нұсқаулықтың
1-қосымшасы
4.0-нысан

Атқарушылық құжатты есепке алу жөніндегі электронды ақпараттық есепке алу құжаты

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.11.2020 № 143 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құжаттың орындауға келіп түскені туралы мәліметтер:

1. Атқару парағының нөмірі: _____

Сот актісінің шығарылған күні: 20__жылғы "___" _____

1.1. Соттағы азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істің нөмірі (уәкілетті органның әкімшілік қаулысының нөмірі): _____

2. Атқару парағының берілген күні: 20__жылғы "___" _____

3. Атқарушылық құжатты шығарған орган: _____

3.1. Азаматтық іс бойынша талапкер: (анықтамалық бойынша)

4. Атқарушылық құжаттың атауы ("Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы (бұдан әрі - Заң): (анықтамалық бойынша)

5. Заңның 38-бабы 1-тармағының 1-13-тармақшасы тәртібінде бас тартылды: (анықтамалық бойынша)

5.1. Бас тартылған күні: 20__жылғы "___" _____

5.2. Заңның 38-бабы 5-тармағы тәртібінде кері қайтарылған органның, адамның атауы: _____

(Өндіріп алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), аумақтық органның атауы): _____

6. Атқарушылық іс жүргізу қозғалған күні: 20__жылғы "___" _____

6.1. Аумақтық органның атауы: (анықтамалық бойынша)

6.2. Атқарушылық іс жүргізудің толассыз нөмірі: _____

7. Атқарушылық құжаттың орындауға келіп түскен күні: 20__жылғы "___" _____

7.1. Атқарушылық құжат келіп түсті: (анықтамалық бойынша)

7.2. Атқарушылық құжатты жеткізу тәртібі: (анықтамалық бойынша)

8. Талаптардың санаты: (анықтамалық бойынша)

8.1. Талаптар санатына қосымша: (анықтамалық бойынша)

9. Талаптың мәні: _____

10. Өндіріп алу сомасы: (теңге) _____

10.1. Ортақ тәртіпте: (анықтамалық бойынша)

10.2. Атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулылардың күші жойылды:

20__ жылғы "___" _____

10.3. Ішінара өндіріп алынған сомалар (теңге): _____

Борышкер туралы мәліметтер: жеке тұлға, заңды тұлға (анықтамалық бойынша)

Жеке тұлғаға арналған:

11. Борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда): _____

Туған күні: 20__ жылғы "___" _____

11.1. Жеке куәлігінің нөмірі: _____, кім берген: _____, қашан берілген:

20__ жылғы "___" _____

11.2. Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

11.3. Жұмыс орны: (анықтамалық бойынша)

11.4. Атқарып отырған лауазымы: (анықтамалық бойынша)

11.5. Шетелдік адам: (анықтамалық бойынша)

11.6. Шетелдіктер үшін заматтық алған елі: _____

11.7. Тұрғылықты жері: _____

11.8. Борышкердің жынысы (анықтамалық бойынша)

Заңды тұлға үшін:

12. Заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің атауы: _____

12.1. Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

12.2. Есеп айырысу шотының нөмірі: _____

13. Борышкердің заңды мекенжайы: _____

Өндіріп алушы туралы мәліметтер

14. Өндіріп алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): _____

14.1. Туған күні: 20__ жылғы "___" _____

14.2. Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

14.3. Шетелдік адам: (анықтамалық бойынша)

14.4. Тұрғылықты жері: _____

Алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізулер бойынша адамдар жөніндегі мәліметтер:

14.5. Адамның пайдасына өндірілген сома (анықтама бойынша)

14.6. (Баланың) тегі	14.7. Аты	14.8. Әкесінің аты (болған жағдайда)	14.9. Туған күні
----------------------	-----------	--------------------------------------	------------------

14.10. Баланың жынысы: (анықтамалық бойынша)

14.11. Балалардың саны _____

15. Заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің атауы: _____

15.1. Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

16. Өндіріп алушының заңды мекенжайы: _____

17. Электрондық ақпараттық есепке алу құжатын толтырған адам: (анықтамалық бойынша)

17.1. Сот орындаушысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): _____

17.2. ЭАЕК толтырған лауазымды адамның жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

"Сот актілерін орындау
бойынша жұмыс туралы"
№ 4 есептің нысанын
калыптастыру жөніндегі
нұсқаулықтың
2-қосымшасы
4.1-нысан

**Атқарушылық құжаттың қозғалысы және оның орындалу нәтижелері туралы
электронды ақпараттық есепке алу құжаты**

1. Атқарушылық құжаттың нөмірі: (мәтін) 1.1. Сот актісінің шығарылған күні: (күні) 1.2. Соттағы азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істің нөмірі (уәкілетті органның әкімшілік қаулысының нөмірі): (мәтін) 1.3. Атқарушылық құжаттың берілген күні: (күні) 1.4. Атқарушылық құжатты шығарған орган: (мәтін) 1.5. Атқарушылық іс жүргізудің толассыз нөмірі: (мәтін) 1.6. Атқарушылық іс жүргізудің қозғалған күні: (күні) 1.7. Аумақтық органның атауы: (мәтін) Атқарушылық іс жүргізу бойынша тараптар: 1.8. Борышкер: (мәтін) 1.9. Өндіріп алушы: (мәтін) 1.10 Талаптың мәні (солардың ішінен ортақ): (мәтін) 1.11 Алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізулер бойынша қарыздың сомасын анықтау туралы қаулы шығарылды: (күні) 1.12 Алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізулер бойынша қарыздың сомасы теңге түрінде _____	2. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 40-бабының тәртібінде а/құжаттың орындалуын шегеру, ұзарту: (күні) 3. Орындау тәсілі мен тәртібі өзгертілді: (күні) 1) № атқарушылық іс жүргізумен біріктірілді (негізгі атқарушылық іс жүргізудің №) (мәтін) Біріктіру күні: (сөздік деректеме) 4.1. Токтатудың негізі: (сөздік деректеме) 5. Заңның 46-бабына сәйкес қайта жаңғыртылды: (күні) 5.1. Орындау тәсілі мен тәртібі өзгертілді: (күні) 6. Атқарушылық іс жүргізу аяқталды: (күні) 6.1. Орындалды: (сөздік деректеме) 7. Атқарушылық іс жүргізуді қысқартудың негіздері: (сөздік деректеме) 8. Атқарушылық құжат өндіріп алушыға қайтарылды: (сөздік деректеме) 8.1. Бұрын қабылданған шешім күшін жойғаннан кейін атқарушылық іс жүргізу қайта жаңғыртылды: (күні)* 8.2. Заңның 10-бабына сәйкес прокурордың наразылығы бойынша қайта жаңғыртылды: (күні)* 8.3 Прокурордың наразылығы бойынша қаулылардың күші жойылды (күні)* 9. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі орындады: (күні) 10. Аумақтылығы бойынша жіберілді: (күні) 10.1. Қайда: (сөздік деректеме) 10.2. Жіберудің негіздері: (сөздік деректеме) 10.3. Жіберілген органның атауы (күні) 11. Борышкердің Қазақстан Республикасынан кетуін шектеу туралы шешім қабылданды: (күні) 11.1. Лицензиялар мен рұқсат қағаздарын беруге уақытша тыйым салу туралы шешім қабылданды: (күні) 11.2. Борышкерге бұрын берілген лицензиялар мен рұқсат қағаздарының қолданысын тоқтату туралы шешім қабылданды: (күні) 11.3. Борышкердің Қазақстан Республикасынан кетуіне салынған шектеуді алу туралы шешім қабылданды: (күні) 11.4. Лицензиялар мен рұқсат қағаздарын беруге уақытша салынған тыйымды алу туралы шешім қабылданды: (күні) 11.5. Борышкерге бұрын берілген лицензиялар мен рұқсат қағаздарының қолданысына салынған тоқтатуды алу туралы шешім қабылданды: (күні) 11.6. Мүлікке тыйым салынды (күні) 11.7. Мүлікке салынған тыйым алынды (күні)
---	---

11.8. Апелляциялық сатылы сот күшін жойды: (күні) 12. Мерзімді орындаудағы атқарушылық құжат ұстап қалуды іске асыру үшін жіберілді: (күні) 12.1. Қайда: (мәтін) 13. Заңның 124-бабы тәртібінде 10% атқарушылық санкцияның өндіріп алынған сомасы (теңге түрінде): (мәтін) 13.1. Жартылай өндіріп алынған сома: (мәтін) 14. Соттың немесе өзге мемлекеттік органның талабы бойынша қайтарылды: (күні) 15. Заңның 39-бабымен белгіленгеннен жоғары мерзімде қаралды: (сөздік деректеме) 16. Атқарушылық құжат сотқа орындалғаны туралы белгімен қайтарылды: 20__ жылғы "___" _____ 17. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі қарауға уәкілетті органдарға орындалғаны туралы хабарлама жіберілді: 20__ жылғы "___" _____ 18. Атқарушылық іс жүргізу архивке тапсырылды: 20__ жылғы "___" _____ Архивтік тізімдеменің № _____, архивариустың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) колы _____	
19. ЭАЕК толтырған адам: (мемлекеттік сот орындаушысы (сөздік деректеме) 20. Сот орындаушысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): (мәтін) 20.1. ЭАЕК толтырған лауазымды адамның жеке сәйкестендіру нөмірі: (мәтін) Өзге де белгілер: _____	
Ескерту:	4.0-деректеме 2022 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізіледі. 8.1-деректеме 2020 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізіледі. 8.2-деректеме 2020 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізіледі. 8.3-деректеме 2020 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізіледі.

"Сот актілерін орындау
бойынша жұмыс туралы" № 4
есептің нысанын қалыптастыру
жөніндегі нұсқаулықтың
3-қосымшасы

№ 1 бақылау карточкасы. "Атқарушылық құжатты орындау үшін аумақтылығы бойынша жіберу туралы"

1. Атқарушылық құжаттың нөмірі _____ / / / / / / / / / / /

2. Атқарушылық іс жүргізудің нөмірі _____ / / / / / / / / / / /

3. Атқарушылық құжатты аумақтылығы бойынша жіберген аумақтық органның атауы _____

4. Атқарушылық құжаттың атауы _____

кіммен берілді _____

_____ атқарушылық құжаттың берілген күні 20__ жылғы "___" _____

_____ келіп түскен күні 20__ жылғы "___" _____

_____ борышкер _____

_____ мекенжайы: _____

өндіріп алушы _____

мекенжайы: _____

талаптың мәні, өндіріп алу сомасы: _____

өндіріп алу түрі _____

5. Атқарушылық құжат қайда жіберілді (аумақтық органның атауы) _____

6. Атқарушылық құжаттың жіберілген күні, шығыс нөмірі _____ / /
/ / / / / / / / / /

7. Атқарушылық құжат қалай жіберілді (почта байланысы арқылы, хабарламамен, қолма-қол және т.б., атқарушылық құжатты қабылдау туралы мәліметтер болса көрсетілсін) _____

Сот орындаушысы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық, анық) (қолы)

Мөр басуға арналған орын

"Сот актілерін орындау
бойынша жұмыс туралы" № 4
есептің нысанын қалыптастыру
жөніндегі нұсқаулықтың
4-қосымшасы

№ 2 бақылау карточкасы. "Атқарушылық құжатты орындау үшін аумақтылығы бойынша қабылдау туралы"

1. Атқарушылық құжаттың нөмірі _____ / / / / / / / / / /
_ /

2. Қозғалған атқарушылық іс жүргізудің нөмірі _____ / / / /
_ / / / / / / / / /

3. Атқарушылық құжатты аумақтылығы бойынша қабылдаған аумақтық органның атауы _____

4. Атқарушылық құжаттың атауы _____
кіммен берілді _____

_____ атқарушылық құжаттың берілген күні 20__ жылғы "____" _____

_____ борышкер _____

10567 санымен тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 9 сәуірде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 108 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15888 болып тіркелді, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 20 қазанда жарияланған);

3) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2019 жылғы 1 тамыздағы № 80 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19206 санымен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 14 тамызда жарияланған).